

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитет мәжілісінің**  
**№3 Хаттамасы**

Түркістан қ.

19.12.2022 ж.

**Қатысқандар:**

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы: Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент, АК мүшелері: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор, Садибеков А.К. аға оқытушы, Дәулетов Мәлік «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Тәжібаева Назерке 2-курс студенті, Абдумутали Еңлік 1 курс студенті.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру;
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау;
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау;
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «ББ мазмұнын жобалау» тақырыбына орай 15.12.2022. профессор Б.Сердәлінің ұйымдастыруымен өткен семинарының нәтижесі бойынша АК төрағасы, кафедра меңгерушісі, филол.ғ.к., доцент м.а. А.Бельдибекова сөз сөйлеп қысқаша мәлімет беріп өтті.

Семинарды ұйымдастырудағы мақсат – 6В032 - «Журналистика және ақпарат» БББ жобасын жасаудағы тәжірибемізді одан әрі жетілдіру болатын. Семинарда жалпы БББ мазмұнын жобалау мәселесін қарастырдық. Жобалаудың тиімді тұстары туралы кафедра құрамы мен және АК мүшелерімен талдау жүргіздік. 2023-2024 оқу жылына 6В032 - «Журналистика және ақпарат» бағдарламасының жобасына ОПК ұсыныстарын тыңдадық. Бұл бойынша бірқатар пәндерді ірілендіру бойынша PhD, профессор М.Ергебек, аға оқытушы А.Садибеков т.б. оқытушылар пікірлерін білдірді. Семинарда АК мүшелері ББ мазмұнын жобалау технологиясымен танысты. Баяндамашы профессор Б.Сердәліге оқытушылар сұрақтарын қойды, БББ жобасы талқыланды.

2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау мәселесі жоспарға сәйкес АК мүшелерімен жүзеге асты. Аталған мәселені ұйымдастырған АК төрағасы филол.ғ.к., доцент м.а. А.Бельдибекова: Бұл мәселе бойынша АК мүшелерімен бірге отырып, мәжіліс жасадық, 6В03239 - «Журналистика» БББ функцияларын анықтадық. Олар:

- \* Коммуникация
- \* Әлеуметтік дағдылар
- \* Шығармашылық, инновация
- \* Білімін өз саласында қолдану
- \* Басқарушылық-ұйымдастырушылық қабілет
- \* Зерттеу, жобалау және талдау дағдылары
- \* Мәдени құзыреттілік
- \* Ақпараттық-технологиялық дағдылар

Ал, 6В03279 – «Сандық медиа және телерадиожурналистика» БББ функциялары төмендегіше:

1. Коммуникация дағдылары
2. Сараптау дағдылары

3. Сыни ойлау дағдылары
4. Фактчекинг және верификация
5. Дизайн ойлау
6. Этика
7. Жазу өнері
8. Мультимедиа ойлау

**Сонымен қатар, міндетті пәндерге**

1. Журналистикаға кіріспе
2. Журналистика тарихы
3. Журналистика жанрлары
4. Жаңалықтар журналистикасы
5. Медиа этика және құқық
6. Радиожурналистика
7. Медиа дизайн
8. Тележурналистика
9. Фотожурналистика
10. Жаңа медиа
11. Мультимедиялық және конвергентті журналистика
12. WEB-дизайн
13. Қоғаммен байланыс
14. Медиа-маркетинг және менеджмент
15. Баспа ісі
16. Копирайтинг және мәтін стилистикасы

**Таңдау компонентіндегі пәндерге:**

1. Қазақ журналистикасының тарихы
2. Радио және телехабар жасау технологиясы
3. Мәдениетаралық коммуникация
4. Жаңалықтар қызметі және ақпарат
5. Спорт журналистикасы
6. Педагогикалық журналистика
7. Практикалық журналистика
8. Құқықтық журналистика
9. Эфирде сөйлеу шеберлігі
10. Мәліметтер журналистикасы
11. Іскерлік журналистика
12. Фактчекинг
13. Телерадио жобасы
14. Интернет медиа жобасы

1

**3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау.**

БББ әзірлеуде кафедра ұжымы үлес қосты. ББ мазмұнындағы стратегиясын анықтау төмендегіше тұжырымдалды: білім беру үдерісін медиа ақпараттық білім тұрғысынан қамтамасыз етуге, білім беру үдерісінің әлеуметтік салаларын үйретуге бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, халаықаралқ талаптарға сай, кәсіби біліктілігі жоғары, журналистік білім берудің мазмұнын, формаларын, әдістері мен құралдарын жүзеге асыруға дайын, өзгермелі еңбек нарығы талаптарына бейімделе алатын кәсіби күзiреттi жаңа формация мамандарына дайындау.

**4. Желтоқсан айында атақарылған іс шаралар нәтижесін талдау.** АҚ төрағасы А.Бельдибекова: Құрметті АҚ мүшелері желтоқсан айында жоспарланға жұмыстар ойдағыдай жүргізілді. Десек те, ББ дайындау мәселе әлі де өзекті, одан әрі жалғасады деп ойлаймын. ББ бойынша жұмыс берушілермен тығыз байланыс жасай отырып, бірқатар

пәндерге өзгерістер енгізілді. Бұл жұмыс бойынша ізденістер тоқтамайды, әлі де жетілдіре түсеміз деп ойлаймын.

**ШЕШІМ:**

ББ мазмұнын жобалау тақырыбына профессор Б.Сердәлінің жүргізуімен семинар ұйымдастырылды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау бойынша 6В032 - «Журналистика және ақпарат» бағдарламасының мақсат міндеттері мен функциялары және МК және ТК тізбесіндегі пәндер анықталып, бағдарлама мазмұнының жобасы (модуль) нақтыланды.

Желтоқсан айына жоспарланған шаралар қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



А.Бельдибекова

Хатшы :



А. Ташимова